

Л 2007  
114 к

КАУЫН  
ТАПХАНАСЫ

Айжарық  
Сәдібекұлы

Бал айы






# Айжарық Сәдібекұлы



# Бал айы

Әңгімелер мен повесть

Алматы  
“Қайнар”  
2006



АЙЖА  
Сәдібекұлы

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр

АЙЖА  
Сәдібекұлы

Сәдібекұлы А.

С 28 Бал айы (Әңгімелер мен повесть). – Алматы:  
“Қайнар” баспасы, 2006. – 304 бет.

ISBN 9965-9748-9-6

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған автордың бұл жинағына әр жылдары жазылған әңгімелері мен бір повесі енгізілді. Осы туындыларының тақырыбы әр алуан. Кейіпкерлері – елді мекендерде ғұмыр кешкен бейнегөп пенделер. Олардың өткен ғасырда күркіреп өткен екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінен бүгінгі күнде дейінгі тұрмыс күйі, іс-әрекеттері мен тіршілік қарекеті өмірдің өзіндігідей әр қырынан әсірелеусіз суреттелген.

Автордың баяндау, сөз саптау мәнерінен кешегі-бүгінгі өміріміздің уақыт табы, көдімгі “қазақы қалыптан” шыққан аңқау да ақкөңіл, мұңды да жайдары адамдарымыздың демоктынысы, мінезі, табиғи жаратылысы сезіліп отырады.

4702250201

С 403(05)-06

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-9748-9-6

© Сәдібекұлы А., 2006  
© “Қайнар” баспасы, 2006



Өтіп жатқан өмір



## ТАСБАҚА БАҚҚАН ТАЙБЕК

### I

Біз балықшылар ауылының тұрғынымыз. Табиғат шебер бізге басқасын қимаса да, орғыл құм нөпірін мольнан итере салған. Бірімен-бірі ұштасқан енапат құм бұйраттар белесі көз ұшынан әрі қарай көсіліп жатыр бүк түсіп. Аунай кеткеніңізде киімге жұқпайтын көдімгі сусыған ақ құм. Сонысынан болар, ауылымызды “Аққұм” атандырғаны. Үйіміздің іргесіне толқыны соғып жатқан теңіз шалқары болмаса, осы ауыл Кербаланың шөліндей аптабы алапат аңызға сағымына жұтылып кетер ме еді. Бір тал жапырағы жоқ, айнала ысылдаған құм. Жанымызды теңіз төңіріміз ғана сақтап тұр.

Ауылымыз тым жұпыны. Теңіздің оңаша қойнауына тығылып алған бұйығы мекенімізге дөңгеленген дүниенің есік-тесігінен сығалайтындар да тым сирек. Қатынас әсіресе қыста толастап қалады. Сондықтан бұл ауылда бұйығы көңілді оятып тұратындай емен-жарқын жаңалық дегеніңіз көп бола бермейді. Құлағымыз тыныш. Радиодан басқа көңілашарымыз жоқ. Өкіметтің қамытын кигендердің білетіні – өмірі бір таусылмайтын сылпыл жұмыс, көгенкөздерінің білетіні – оқуы мен ойыны. Міне, жер-жаһанның қызылды-жасылды дүрмегі мен думанынан шет қалған осы оңаша ауыл алыстағы латыштармен құдандалы болар деп кім ойлаған.

Айтарыңыз не, сондай бір қызық болып қалды.

Жаздың тамылжыған бір күнінде Арал қаласындағы теңіз портынан айында-жылында үздіктіріп қатынап тұратын кемеден артынып-тартынған бір түсі бөтен әйел мен уылжыған қыз түсті. Әйел жылы шырайлы екен. Келбеті де келіскен, сұңғақ бойлы, көдімгі айта беретін “блондинка”. Көгілдір көзі мөлтілдеген мейірім нұрына тұнып тұр. Болмысынан жан иесін исіндіріп

тұратын тартымды леп еседі. Әдемі бұғақ, жұмыр дене, қазықтай тіп-тік сұлу балтыр. Жанындағы жанары өткір бикеш қызы екен. Осы әйелден туған дейтіндей емес, аққұбалау келген қара көз сұлу. Талдырмаш денесі сыптай, мөлдіреп тұр.

Сәлемдесіп біліскеннен кейін әйелдің аузынан шыққан алғашқы сөзі: “Мы пришли к Тайбеку”, – болды.

Құп. Шұбатылып Тайбек ағайдың үйіне алып келдік. Зілмәңкенің есігі алдына тіккен киіз үйдің кешкі көлеңкесіне шығып тұрған Тайбекті көргенде, әйел қызына:

– Во...он-н твой папа, – деді дауысы қалтырап. Қыздың: – Пап! – деген дауысы әнтек шығып кетті. Құлдилаай жүгіріп барып Тайбектің мойнына асыла кетті. Қызық болғанда, Тайбек абдырап, әйел албырап қауышты. Екеуі де көздеріне жас алды. Әйел біз түсінбейтін бір тілде бірдеңе деп, Тайбектің ерніне жабысты. Тым тәтті сүйіс. Қолында беторамалы, өксіп жылап тұрған қызы, анасының әлгі айтқанына ғой деймін, күліп жіберді.

Ауылдың ақсақал-қарасақалы да, тайлы-тұяғы да қалмай жинала қалған екенбіз. Біреудің үйлі-баранды болған кеуілдей еркегін көлденең келген түсі бөтен қатынның көптің көзінше омырауын иіскеп, сүлікше жабысып сүйгенін бұл ауылда бұрын кім көрген. Аққұмдықтар мынау қайтеді-әй дегендей қайран қалып тұр. Тегісінен тілден қалған, самсоз. Көздері әйел мен қызда, тінткілеп болар емес. Тайбек біз түсінбейтін тілде бірдеңе дегендей болып еді, әйел мен қызы әжелеріміз бен аталарымызға қол беріп амандасып шықты. Былайғыларға бас иіп ілтипатын білдірді. Жиналған қауым осыдан кейін ғана тілге келіп, Өрекеш атама қарады. Ол әуелі тілінің астындағы насыбайын тастап, аузын сумен шайып алды. Сосын өзінің кәнігі машығымен:

– Әлгі неткенде нетіп, – деді Тайбекке еңсеріліп. – Қарағым, мына бөтен түстілер бізге кім болады? Қайдан келіп тұр? Я, әлгі неткенде нетіп, мәнісін білсек дегенім ғой, я, неткенде нетіп...

Тайбек Өрекеш атаның “неткенде нетіп” деп алмай сөз бастамайтынына және сол “неткенде нетіпсіз” сөзін аяқтамайтын әдетіне күле тұрып:

– Өреке, бұл түрегеліп тұрғанда айтылатын жағдай емес. Тарамаңыздар. Төрлетіңіздер. Әңгімеге қонағы-

мызды ортамызға алып отырып, жата-жастана қанығармыз, — деді.

Бір бүйірден Тайбектің Алғазы құрдасы зор дауысымен күркіреп қоя берді:

— Ай, тамыр, сен мынадай кербез сұлуыңды іздемей қалай шыдап жүрдің?! — деп.

Копшілік бір серпіліп қалды.

Ауыл жамигаты зілмәңкеге, қақыра сарайға, сыртағы сәкінің үстіне, киіз үй мен шарбақтың ішіне теңтеңімен дегендей рет-ретімен бөлініп жайғасты. Тайбек соғымға деп ниет еткен қоңды баспағын жығып тастады теңкитіп. “Аққұм” елі бұл түні ұйықтамады десе де болады. Әңгіменің де, ән мен жырдың да тиегі ағытылды. Дастарқан билігіне ауылдық кеңестің төрағасы Жұмахметтің өзі ие болды. Домбырадан да, көңілден де күй шалқыды. Әзіл-қалжың мен ойын-күлкі жамырады. Жалғыз-ақ Жазира жеңгейдің әншейіндегі ақжарқын күлкісі кілт тыйылған. Тастүйін жинақыланып алып, қонақ күту қызметіне жорғалап жүріп кірісіп кетті. Алайда бұрынғыдай жылы шырайлы емес, жүзі салқын.

Сонымен, бұл келістің мәнісін дастарқан үстінде білдік. Екеуі фашистердің ала топалаңы кезінде көңіл қосыпты. Бір-бірінен еріксіз айырылған. Содан бері арада жиырма екі жыл өткен. Тайбекке тағдырын қосқан латыш қызы сүйген жарын ұмытпаған. Осынша жыл іздестірумен болған. Ақыры дегеніне жеткен. Осы әңгімеден кейін Алғазы:

— Уа, жарандар, бұл не деген махаббат десеңші! Менің құрдасым мынадай керімнің құшағында өртеніп кетпей қалай аман қалған?! — деп, бір күркіреп алды да, алдындағы заһарды қағып салды. — Жарайсың, Аплатоным!

Десе дегендей, ауылдың басбіліктілері Тайбектен бұрын әйелге тәнті болды. Қосағынан айырылғанда, мына жалғыз жапырақ қыз анасының құрсағында қалған — төрт айлық екен. Екеуі жастықтың буына мас болып жүргенде, дүниеге ұл келсе, есімін Абзал, қыз тусаң Арухан қоярсың дейді екен Тайбек. Абзал соғыста опат болған інісінің, Арухан жастай шетінген қарындасының есімдері еді. Анасы екінші Аруханның паспортын шығарды. Қолдан қолға өтті. Паспортына аты-жөнін “Арухан Тайбековна Сагинтаева”, ұлтын “казашка” деп жаздырыпты. Осыны Төрағаның аузынан есіткенде, Өрекеш ата әуелі:



— Әлгі неткенде нетіп, — деп алды. Сосын: — Апырай, қарағым Тайбекжан-ай, Алла тағала жар болып, төмен етектінің тектісіне жолықтырған екен, я, неткенде нетіп... — деп көзіне жас алды.

Соғыс лаңы жүректеріне айықпас жара салған былайғы шерлі мұңлықтар да кемсендеп үйіледі. Бұлардың қасіретін тілсіз ұғып отырған әйел де егіліп отырды.

Аруханы университет бітірген. Дипломын да көрсетті. Енді жолдамасы бойынша еңбек жолын бастамақ. Екі жылдан кейін жолдаманың шарты бітеді. Біткесін анасымен Алматыға ауысатындай да ойы бар екен. Мұны есіткенде аққұмдықтар араның ұясындай гуілдеді.

— Несі бар, Сағынтай әулетінің бір үйі астанада, бір үйі ауылда болса, жаман ба?

— Рас-ау, Алматыға орнығатындай болса, Тайбектің талпынып өсіп келе жатқан мына үпір-шүпірлерін тәрбиелеп оқытпай ма!

— О, не айтқаның, Алланың өзі қайымын келтіріп тұр ғой...

Міне, көптің көңілі де, көкейі де осылай шарықтады. Әңгіме-думан қыза келе:

— Уа, Тайбек, осы бүгін ақ түйенің қарыны жарылған күніміз екен. Бұл күнге жеткен де бар, жетпеген де бар. Ал енді мына Аруханамыз үйірімізге қосылды ғой. Бұл да болса Алланың бізге қарасқаны. Өзі де бір ыстық ықыластарыңнан жаралған бала екен. Енді қолымызға қона қалған осы қарағымды уысымыздан шығарып алмайық. Құдайға шүкір, жерге қарап отырғанымыз жоқ. “Теңі кездесе, тегін бер” деген емес пе? — дегендей де ынтық ықылас айтылып қалды. — Айыпқа бұйыра көрме.

— Ау, баламызды нокталап қойған біреуі болып жүрмесін...

— Мамасы айтар.

— Бәсе, сұрап көрсек қайтеді.

Қымызға мас аққұмдықтар еркін қосіліп кетті. Дегенде әңгіме осы ыңғайдан ұшқындағанда, әйелдің сүйкімді жүзі жайнап сала берді. Ал Аруханы төмен қарап, жүзі жанып, күлімсіреп отырды. Жаратушы жарылқайын десе демде екен. Қызық болғанда, аққұмдықтардың ынтасы мен қыз анасының ойы бір жерден шықты. Тайбектің нәсілін ата жұртына қоса алсам, ар-

маным болмас еді деп, қызының құлағына құйып өсіріпті. Бұл ниетіне ағайынның бәрі тәнті болды. Өрекеш атамыз:

— Әлгі неткенде нетіп, еңбегің Алладан қайтсын, жағың түспей жамандық көрме, қарағым. Я, неткенде нетіп... — деп ақ батасын берді.

Сонымен, латыш жеңгеміз ортамызда айға жуық демалды. Күніге бір үй шақырады. Күнде қонақасы. Бәріне ауыл төрағасы асаба болды. Сөйлер сөзге келгенде өзі де желдей есетін. Енді не жорық, ақ бұғағы бүлкілдеп, жұпар иісі еліткен әйелдің жанында су төгілмес жорғадай жосылды. Сөзінің ыңғайлы иінінде: “Ауылымыздың абыройы үшін ғой...” — деп қояды күлімдеп. Бұл дәдең қыза келе еліміздегі халықтар достығы туралы да желпініп алды. Төраға осы ыңғайда сайраған сайын жеңгеміз де “да-да” дейді басын шұлғып.

Осы әйелдің келгені бәрінен де шегене бас Жанатқа жақсы болды. Алыстағы Астарханнан жолдамамен быттыр келген. Осындағы жетіжылдық мектепте орыс тілінен дәріс береді. Ыңғайы көптен бері орысша шүйіркелесетін кісі кездеспей, ішкүса болып жүргендей екен, латыш жеңгейді күнде сәскелік және кешкілік теңізге алып шығады. Шомылуға. Арухан Жазира тәтесінің тұңғышы, бойжете бастаған Баяуды жанына ертіп алды. Сіңлісін әлсін-әлсін құшақтап, бетінен сүйеді. Баяу ұяң, жүзі жанып, қысылып қалады. Жанат алдына алтыншы класқа баратын Қызайды қайықтың өрелін ұстауға, Айкөрген мен Мәкейді ескек есуге алып кетіп жүрді.

Айкөргендер апайларын түбі айнадан бетер жарқыраған, ұйығы жоқ ақ қайраңға апарарды. Қайықтың көшкісін тастайды. Содан кейінгісі, несін айтасың, бұған дейін бұлар көрмеген бір ғажап. Апайлары кеуде мен бұтта бір қиық лыпа қалдырып, тұттай жалаңаш шешінгенде, тыныстары тоқтап қалғандай болды. Бастарына киген көгілдір резина “қалта” шаштарына су өткізбейді екен. Жанат қанша қыштаса да, Баяу шешінбеді, інілерінен қымсынып. Бұл үшеуі де жетісіп отырған жоқ, әйел жынысының құпиясына қарамайын десе де, ынтығып қарай бергісі келеді. Жарқыраған, үлбіреген аппақ ғажайып жаратылыстың әсерінен көздері тұнды.

Апайлары ақ қайраңға қойып-қойып кетеді. Балықтай жүзеді. Ұзын балақ дамбалдарының ышқыр бауын

бекем байлап алып Айкөргендер де сүңгиді. Көздері апайларының кіндіктен төменгі құпияларында. Ол үшеуі бейғам, құлаштай жүзіп барып, жағалаудағы су-сыған ақ құмаққа аунай кетеді. Үш дос та ақ шағылға аунап жатып, апайларының сымбатты денелеріне қабақтың астынан қараумен болады. Ал Баяу қайықты есіп келіп, жиектегі тайыз суды етегін түріп, тізерлігінен кешумен уақыт өткізеді. Күнге қыздырынып жатып бір мезетке мызғып солықтарын басатын апайлары қайтадан кең айдында құлаш ұрады. Сосын қайықта отырып кептірінеді. Күнде осы.

Ой, несін айтасың, Айкөргендер былайғы балаларға ала жаздай айтып тауыса алмайтын қызыққа осылай кенелді.

\* \* \*

Бұл ауылда кірмелер жоқ, тегісінен бір тайпаның ұрпағы тұрады. Сырттағы жұрттың бұларды “Бәйімбет ауылы” дейтіні де содан. Бәйімбет тайпасы Ақтеке–Жәдік, Андағұл–Бадық болып бөлінеді. Ауыздарының бірлігінен бе екен, кейде кеңесуге тура келгенде, осы төрт атаның басбіліктілері Өрекеш атаның дегеніне жүгінеді. Бұ жолы да солай болды. Латыш жеңгей еліне қайтуға қамдана бастағанда, ауыл төрағасы Өрекеш атаны алдына салып, Тайбектің төріне озды. Шай үстіндегі әңгіме тосын болды. Өрекеш ата әуелі:

— Әлгі неткенде нетіп... — деп бір ыңыранып алды. Сосын: — Қарағым, Жазира келін, жаттан жаралған мына жыныстасың еліне жүргелі отыр. Озалда қалай қабылдасақ, енді солай шығарып салуымыз керек. Бұл өзі түсі бөтен болса да, тегін тектен болмады. Алланың ықыласы түскен бір пендесі шығар. Тайбегіміздің үрпінен жаралған көгершінімізді өзінің тегіне телімей, үйіріне бауырластырған қарағыма тобемізден жай бергеніміз жөн болды. Атасына рақмет! Алла разы болсын! Қандай қасиет десеңші?! Бұдан өткен адамгершілік бола ма?! Өзіңе де арнайы айтарымыз осындай тілек, осындай ықылас. Әйелдікке салынып қабағыңды шытпадың. Көрсеткен қызметің бәріміздің де көңілімізден шықты. Қосағыңмен қоса ағар, я, әлгі неткенде нетіп... — деп бір қайырды.

Төраға: — Бәрекелде-ай, сөз болғанына! — деп ырғалақтады.

Әліптің артын бағып Тайбек отыр.

Абыз ата тамағын кенеп алып, қайтадан сөз бастады.

— Әлгі неткенде нетіп... Иә, ендігі айтайын дегенім, бұ шырағымды Тайбек еліне жеткізіп салып қайтатын болсын. Алыстан арнайы келгесін сөйткеніміз жөн болады. Балалардың да бірін ертіп жібер, бойын жазып қайтсын. Біз осылай ұйғардық. Қарағым келін, бұған не дейсің? Я, әлгі неткенде нетіп... — деп, Торағаның жүзіне назарын жықты, мұным қалай дегендей кейіпте.

— О, не айтқаныңыз... — деп, Тораға тағы да ырғалақтады.

— Ата, мен не дейін, сөзіңізге құлдық дегеннен басқа. Осы шаңыраққа келін болып түскелі енем баласының бетіне жел болып тиген жерім жоқ еді. Осы кезге дейін ищаласпай келіп, енді алдынан шығып қайтем. Барып қайтқысы келсе, енем баласының өзі біледі, — деп, Жазира қосағына қарады.

Ауылдың әулие тұтқан абызы ың-шыңсыз ығына жығылған келініне ағынан жарылып батасын берді.

Тайбектер жолға шықты.

Олар кеткесін ауыл үй арасында бәйбіше, тоқал дегендей сыпсың да желдей есіп Жазираға жетті.

— Маған бола қималарың қышымай-ақ қойсын! Тамұқтың тозағынан тірі келген енем баласы аман болсын. Асқар тауым аман болса, өрісім кеңімесе кемімейді. Көлденең сөздерің көтіме, — деп, аузы жыбырлақтардың сыпсыңын тыйып тастады.

— Міне, білгеннің сөзі! Құдай Тайбекке берген ғой, — деді ниеті түзу тілеулестері.

## II

Төрт тарапқа шашырай қоныстанған ауылдың нақ ортасында төбеден төніп Сарытөбе жатыр етегін жайып. Оны осындағылар баяғыдан кие тұтады. Сусыған ақ құмнан жаралған осы төбеге ауыл тұрғындары ыстық түсісімен күнде кешкілік жиналып демалады. “Тең-теңімен, тезек қабымен” дегендей, топ-топ болып әңгіме соғады желпініп. Ежелден солай. Латвия жерінен оралғасын қанаттас жеделдестері Тайбекке бұрынғыдан да үйірсек болып алды. Сондағысы латыш қызымен қалай жұптасқанын білмекке ынтызар. Өйтетіндей де орайы бар. Бұл ауылда өзге түстімен бірінші болып “қалыңдық ойнаған” осы Тайбек екен. Басқа еркек

кіндіктердің бірде-бірі қамшысын сыртқа салып көрмепті. Өзге нәсілдердің қиян түкпірде өздерінің иісіне өздері еліткен оңаша ауылға ынтыға қалуы да неғайбыл ғой. Ал мына латыш әйелдің Тайбекті арада неше жыл өтсе де ұмытпай, әдейі іздеп келуі осындағылар үшін өле-өлгенше айта жүретіндей жаңалық болды. Осы жайды жүрегімен сезіп, ақылына салған Тайбек те тартынбады. Аталарының тағылымын тыңдап өскен ол әңгімені айта алмасын ба, “мақұл, дегендерің болсын”, – деп, басынан кешкен хикаясын біркелкі ырғақпен қоңырлатып бастады.

...Әдеттегідей ымырт төнгелі келеді. Қаруластардан ажырап, қош-қош айтатын мезгіл де таянды. Бес жауынгер түн жамылып жау жайлаған жұртты барлап қайтуға қамдануда. Володя, Богдан, Ашот, Тайбек және ротаның “полк баласы” Трофим. Командир бес қаруы түгел сай төрт жауынгерімен құшақтасып қоштасты. Көзі жайнап тұратын Трофимчикті ерек аймалап сүйіп, көкірегіне ұзақ қысты.

– Жан бар жерде қаза бар. Сақтан! – деді бала солдатқа. – Полк ұлы, бұл сенің бірінші жорығың. Сапарың сәтті болғай!

– Рақмет сізге, жолдас командир!

Рота командирі тегінде орнықты адам. Жан беріп, жан алысқан соғыс сүркілі ширықтырған. Кейде қатал, кейде тіпті қаһарлы. Қабағы ашылмайды, ұдайы ойлы жүреді. Қаһарына мінгенде қоластындағылар монтендеп кетеді. Артынан үзбей хат жазып тұратын жалғыз ұлы есіне түсті ме, кім білсін, осы жолы Трофимчикті еміреніп аймалады. Бала солдаттың осы соғысқа солақай келген айыбы бар. Үйінен жасырынып шыққан. Оққа ұшқан әкесінің кегін алуға. Майдан жолының шырғалаңымен осы ротаға жеткен. Он беске толар-толмас жасы бар. Жеткізуі машақат жеңісті кәдімгі қияли аңғырттығымен іздеп келіпті. Арманы – ала таудай. Әрбір сапардан оралған сайын барлаушыларға маза бермейтін. Сұрамайтыны жоқ. Корген-білгендерін айттырмай тынбайды. Осы қан кешуден өлмей тірі қалса, болайын деп тұрған бала. Көзінде от бар. Ерте есейген.

Санитар қыз Марина коздің құртындай жабайы гүлдер шоғырын беске бөліп, аттанғалы тұрған ерлерге ұсынды. Жер жұпары бойжеткен құшағынан ұшқан кептерлердей алақандарға қона-қона қалды. Марина ынтыға сыбырлады:

— Бұл — өте ғажайып сиқырлы гүл. Жүрек тұсына сақтасаныздар, бұл да сіздерді сақтайды.

— Нағыз ғажайып гүл өзің емеспісің! — Ашоттың елден ерек жуан дауысы гүңгірледі. — Желеп-жебеп жүретін қылығыңнан айналайын сенің! — деді өзі де толқып кетіп.

Бұлар қаруластарымен қоштасты. Енді өздерін талай тойындырған тай қазанның тұсынан өте бергенде, аспаз Рахымжан алдарынан шықты.

— Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты ерлерім менің, аман барып, сау қайтындар! — деп, ол да өзінше желеп-жебегендей бетін сипады күбірлеп. — Мынау ыстық күлше. Сендерге арнайы пісірдім. — Рахаң бес күлшені бір-бірден ұстатты. — Жорытқанда жолдарың болғай, Қыдыр-ата жолдастарың болғай. Әумин!

Рахаңның мынадай ықыласынан сайыпқырандардың кеуделері қызынды. Бойларын қызуқанды қайрат кернеп, жігерге толы жүректерде сезім селі тулады. Рахаң тек осыларды ғана емес, барлаушыларды ылғи да осылай шығарып салатын.

Осы Рахаң жөнінде әзілі мен шыны аралас айтылатын әңгіме көп. Бүкіл рота осы кісімен әзілдеседі десе де болады. Ол да бүкіл ротамен әзілдесуге үлгіріп жүреді. Қайдағы жоқты тауып айтып, күлкіге көміп отырғаны. Жүрген жері көңілді.

— Бір-бір фrawdан қолтықтап қайтындар! — деді қоштасарда.

Барлаушылардың артында жамыраған күлкі қалды. Жолға шыққандар жадырап аттанды. Володя артына қайырылып тұрып:

— Біз келгенше күн сәулетті Қазақстан шарабын дайындай бер! — деп айқайлады.

— Біз бәрін де жеңіс жолына бергенбіз! Тек аман-есен оралындар! Банкетпен қарсы аламын! — Рахаң сұңғыла теректер арасында қолын бұлғап қала берді. Оның мейірімге толы ыстық жүзі өшпестей болып жатында қалды Тайбектің.

Сол Рахымжан қайратты да қырағы көз барлаушы болатын. Талай рет жау жайлауына қорықпай отіп кетіп, қолға оңайлықпен іліге бермейтін “тілдердің” небір сойын байлап-матап әкеліп жүрген апайтөс ерлердің бірі еді. Былтырғы бір алапат шайқаста мықтап жараланды. “Госпиталь дегенің, құдай әкем сақта-

сын, түрме екен ғой. Соғысымды сағындым...” — деп келген қуақыланып. Содан бері сондағы жарақатының зардабынан барлауға шыға алмайтын болған.

— Міне, мен қазан-ошағыма қайтып оралдым, — деді аспаздыққа бұйрық алған күні. Онысын Тайбек ілкіде әзілі болар деп түйген. Ал Рахаң соғысқа дейін “общепитті” басқарыпты. Нағыз деген маман екен.

\* \* \*

— ...Содан жау шебіне қалай жетіп, қойнына қалай қол салғанымызды ежіктеп, түгел термелеп қайтейін. Енді оның керегі не, бәлду-бәлду бәрі өтірік болып қалды ғой. Бір ғана әнтек қимыл бәрін бүлдірді. Жау да қалғымапты. “Тіл” алғанымызды сезіп қалды. Басқа амалдың жоғынан қасқиып қарсыластық. Біздің ұтқанымыз — олжамызды өңкіген денесіне арқалап алған Богдан батырды ілгері оздырып жіберіп, әзер алдамен құтқардық. Жемін желкесінен тістеп арқалап алған қасқырдай жорытып ол кетті. Жанында солдат баламыз. Біз үшеуміз кедергіде қалдық. Бірақ болмады, болмады. Бізді дымымызды шығармай қоршап алғаны. Енді қайттік?! Ендігіміз неғылса да жастығымызды жұмарлай жығылу шығар. Тек тәуекел. Бір-бірімізбен қарайлас жатып атыстық. Аянбадық. Бір мезгілде Володя мен Ашотқа оқ тиді. “Әттең, дүние-ай, осындайда қиналған жандарына жалау болар ма еді...”

Тайбектің кеудесі осылай деп күмбірледі. Жүрегі атқақтап соқты. Алайда дәрмені қайсы...

...Сол әуелгі бұйқыт атыстан аман қалып еді. Бір дем әрі, бір дем бері дегендей, ендігі жанталаста қаңғыған оқ бұны да тапты. Сол жақ иығынан соқты. Ойнап өткен жері күйдіріп барады. Сорғалап қан кетті. Таңып алайын дегені сол еді, дұшпанның жұдырықтай бір гранаты дүниені төңкеріп жібергендей болды...

Қай мезгіл? Көзінің алды да, көңілі де тұман. Талықсып кеткенін санасы сезіп жатыр. Жан дәрмен есін жинаған болды, маңайын барлағысы келген. Ашот пен Володя қыбырсыз қалған. “Қайран ерлерім-ай, мені жаудың жемтігіне осылай жалғыз қалдырып... күндеріңнің батқаны ма... Мына дүние не болып кетті...” — Тайбектің тұман торлаған көңілін осындай мұң кимеледі.

Жаудан жасырынып жатып, жарақатын таңып алған болды. Құтыла алмасы белгілі. Енді тек берілмей олу.

Күткеніндей, көріп жатыр, үш-төрт неміс жақындай берді. Алға емінген қасқыр иті абалап келеді. “Оғым айдалаға лағып кетпесін” деп үнемдеп, сақтанып атысқанымен, таусылып тынған еді. Ендігі әрекет, әрине, күр далбаса. Құтылудың амалы құрыған. Үміт үзілген. Дегенде жан шіркін неден тәтті болды екен. Бар болғаны жиырма жасында мезгілсіз жапырақтай солу... — Осыны ойлағанда нендей күйге ұшырағанын абайлай алмады. Ышқынып кетті. Қара жерге жабысып жатқан жерінен жұлқына кеудесін көтеріп, соңғы гранатты жауының қақ маңдайы осы-ау дегендей түйсікпен ытқытып жіберді.

— Есемді алдым-ау дедім. Өйткені иттің үні өшті. Бұл да болса медет. Енді мендегі қалған жалғыз қару — барлаушының қанжары... — деп күрсінді көзі жасаураған Тайбек.

...Мынадай алмағайыпта санасына сағым арасынан бұлдырап өзіндей алып денелі Богдан досы елестеді. Жолдағы өзеннен аман-есен өте алды ма екен, бір бәлеге ұрынып қалмай... — дегендей бір үзік ой сыбырлағандай болды. Тынысы тарылып барады. Алқынып айналасына зер салды. О, жасаған, жат жерде көмусіз қалғаны ма осылай. Ашот, Володя, қайдасыңдар? Мына меңіреу дүниеде бір-бірінің бетін де жаба алмай қор болғандары-ай... Тым болмаса қанды көйлек достарымен арыздасып өлгеннің өзі жақсы екен ғой. Қос құлағы ию-кию шыңылдап, шеке тамыры солқылдап әкетіп барады. Ой тұманына малтықты: “Естерінде ме, елден шығарда біз тағдырдан не тілеп едік. Жауды өзінің ұясында талқандап, жеңіспен ораламыз, — деп ұрандатып ант бергеніміз қайда? Енді біз кім болдық, қайда қалдық...”

Көзі қанды жасқа толып кетті. Шалқасынан жайғасып, сонау зеңгір көкке үздіге үңілді. Аспан қандай ашық еді. Мына дүниенің кербездене қалуын-ай, тылсым тыныштық әлдилеп арбағандай ұйытып барады. Тілін ішінен ойымен кәлимаға келтіріп, иманын үйіре бастаған. Кенет соққан алапат жарылыс дүниені тағы да ойрандады. Тайбек түнек тылсымның құрдымына біржола сіңіп кеткендей болды...

...Әуелі-і кірпігі қимылдағандай болды. Көзін ашқысы келген. Әрең дегенде сығырайтты. Бір бұлыңғыр дүние. Буалдыр тұманның ішінен бір құбыжық көрінгендей болды. Бұл не... ажырата алмады. Сол құбыжық



теңселгендей болады. Аузында тәтті дәм. Бұл жұтынады. Соқыр көңіліне емшек еміп жатқандай. Көзі жұмылып кете береді.

Осылай неше тәулік жатты. Бұл білмейді. Дыбысты сезбейді. Шалқасынан қимылсыз жатыр. Не өлі, не тірі емес. Бір тылсым көрге түсіп кеткендей хал. Дәтке қуаты – демі бар. Күн жылжыған сайын көз жанары тірілейін деді. Кинолардан көрмейтін бе едік, осындай халдегі жан иесі көзін әрең-әрең аша бастағанда, не көруші еді. Әуелі көзінің алды бұлдырайтын, сосын оған үніле қарап отырған кісінің сұлбасы бірте-бірте айқындала бастайтын. Тайбектің жағдайы да сондай болды. Кірпігі қимылдап, көзін анық ашқан сәтте көрінген құбыжықты арада ай өткенде ажыратты. Құбыжық болып көрінген – шашы жалбыраған, мұрты салбыраған, сақалы қауғадай ақ шұнақ шал екен. О байғұс бұның аузына мезгіл-мезгіл бал қатқан сүт тамызумен отырады екен. Мезгіл-мезгіл қасықпен шай жұтқызады екен.

Әне, “өлмегенге өлі балық жолығар” деген осы.

Оқиға былай болыпты. Даладан қызымен бірге шипалы шөп жинап жүргенінде, қалың қорыс арасында құдды өліп қалғандай сұлап жатқан Тайбектің үстінен шығады. Жан тәсілім еткендей. Шал жалма-жан оның қан қатқан омырауын ашып тыңдағанда, жүрегінен өлеусіреген тыныс сезеді. Содан жаралыны жалғыз атына жеккен арбаға салып, денесін шипалы шөптермен жасырып, үйіне әкеледі.

Сонымен не керек, шал жаралыны қолдан жасаған дәрмектерімен емдеген. Күтім қойсын ба, бір ай дегенде беті бермен қараған. Жарақаты, шалажансар қалғаны өз алдына, айықпастай ауыр контузияға ұшыраған. Құлақтан қалған – түк есітпейді. Кеудесін тіктеп отыра алатындай болғанда, бұл мең-зең, меңіреу күйде еді. Аяғына мінгесін шал оны түнемелік моншасына түсіріп, бұлауға салатын болды. Шошқаның күйдірілген майымен денесін ысқылап сылайды. Ыстық сорпамен, бал қатқан сүтпен, ащы-тұщысымен бақты. Шипалы шөптердің шырынын мезгіл-мезгіл ішкізіп жүрді. Содан құлағы үш айда ашылып, құлантаза жазылды.

Шал шаруаға мығым екен. Малы, омартасы, көк-өнісі бар. Полицей сұрамсақтанып тіміскілей бергесін, үйінің едені астынан жерголе қазып алыпты. Томенге түпкі болменің құшиялаған бұрышынан түседі. Ішінде

кісі емін-еркін бой салып қимылдай алады. Ішім-жемнің бәрі сонда. Тайбекті де сонда күткен. Полицайдың сұрап келгенін сырттағы ұрадан береді екен.

“Аққұмның” асыл текті перзенті ажалдан айығып сауыққасын шалдың қолын ұзартты. Бар шаруаны түнде тиянақтайды. Күндіз жөртөледе тынығады. Үйренісе келе осы үйдің бір баласындай болып алды. Шалдың үлкен ұлын әскерге соғыстан бұрын алған, кейін хабарсыз кетіпті. Кіші ұлы майданда. Қыздан жалғыз Эльзасы қияпатты жігітке үйірсек. Көбіне оның жанында болады. Екеуі кітап оқиды, жалығып кеткенде дойбы, шахмат ойнайды. Картамен бал ашады. Қыз Тайбекке латыш тілін ауызекі айтып та, қағазға жазып та үйрете бастады. Содан бұл орыс, неміс, латыш тілдерін қойыртпақтап отыратын болды.

Қыз сұнғақ, сұлу, қылықты. Тайбектің қарсы алдында үндемей отыратыны-ақ әдемі. Жігіттің жүрегін суырып алардай үзіле, үздіге мөлдіреп қарайды. Ынтық көңіл ыстық сүйіске ұласты. Қызының қылығын байқаған әке-шеше де Тайбекті бала қылғысы келетіндей ыңғайда. Қыздың да шығарға жаны жоқ. Жүрегімен сүйді, жан-тәнімен берілді. Сол бір күн жадында. Жігіт жиырма бір, қыз он сегізге толар-толмас жасында жұптасты. Эльза жарылмаған уыз екен. Тайбек тояттап тояр емес. Бұл екеуі әрі-берідесін жөртөледен шықпайтын болды. Махаббаттың тәтті балына мас.

Содан, айтарыңыз не, бұл үйдің едені астында жас жұп, үстінде көрі жұп, құпиялап күн кешіп жатты. Бірақ осылай жалғаса беруі қатерлі еді. Күндердің күнінде жігітке ес кірейін деді. Алды-артын ой сарабына салды. Ақыры төрт көз түгел отырғанда көңіл күйін білдірді. Сенімді кісілер арқылы партизандарға қосылуы керек. Олай етпесе, соңыра қашқын аталып, ұсталады.

Шал екі сөзге келмей, бірден құптады: “Қазіргі қарекетіміздің түбінде ойраны шығары анық. Полицай деген дұшпан бар. Сезіп қалса, ондырмайды. Төртеуміз де қасіретке ұшыраймыз. Дарға асады” — деп.

Ал кемпір байғұс іштен тынып отырып қалды. Қызының тағдырын ойлап мұңға батқан. Эльзаны да қайғы күйзелтті. Күн-күнімен, түн-түнімен жылау. Тайбекті тастай ғып құшақтап алады.

— Мен сенімен кетемін. Екеуміз не көрсек те бірге көреміз... — дейді солқылдап. Күнімен мұңға батып, түнжырап жүретін болды. Тайбек үйде босануы керек-

тігін, жорықта жүргенде ондай мүмкіндіктің болмай-тынын, соғыс басылғасын елге келіншегін қолтықтап, бөпесін құшақтап баратынын айтып жұбатумен болды.

Ақылды ғой, Эльза да көнді. Көнбей қайтеді. Тайбек партизандарға апару үшін шалдың дайындап берген азық-түліктерін көтергенінше арқалап, сенімді кісілермен бір түнде аттанып кетті. Үш мұңлық үш жерде қалбыып қала берді. Бір үйді бір өзі толтырып отыратын азамат кеткесін көңілдері де құлазып қалды...

\* \* \*

Партизандар аға сержантты ықыласты қарсы алды. Өмір сүру майданының ыстығы мен суығында шындалған Тайбек бұл ортаға да сіңісіп алды. Бірнеше рет ұрысқа кіріп, жаумен аянбай айқасты. Жараланды — жазылды. Жорықты қайтадан жалғастырды. Алатыны алғыс. Алайда тағдыр бұған осы абыройын да көпсінді. Кезекті шайқаста партизандардың шамалы тобы араларындағы бір сатқынның кесірінен қолға түсті. Ішінде Тайбек те бар. Бұлар тіпті қимылдай алмай да қалды. Жау қапыда басты.

Түтқындарды күн айдады, түн айдады. Темір жолға жеткесін мал тиейтін вагонға мінгізді. Біраз селкідетіп барып кемеге отырғызды. Күн жүзді, түн жүзді. Одан түсіргесін тағы да этаппен селкілдеу...

— ...Содан бізді түнемелікте айдап әкеп, бір зәулім сарайға қамады. Іші толған тұтқын. Иіс-қоңысы қолқаны атады. Бір-бірімізге тығылысып жата-жата кеттік, — деп, Тайбек терең күрсініп алды. — Ертеңіне күн жарықта басымызды көтеріп, қылқиысып отырсақ, қыдырыстаған көзім бір жүзі таныс кісіге кідірістей берді. Салмағын бір шынтағына салып, көлбеп жатыр. Ілгері еңбектеп барып, жақыннан үңілгенімде таныдым, Рахаң екен! Жылжып барып құшақтай алдым. Қайран Рахаң, күйреп қалған екен.

— Қарағым-ай, атаңа нағылет Гитлердің малығұндары қабырғамды қақыратты ғой... — деп, ал кеп жыла-сын. — Бұл менің көрем деген қорлығым ба еді... — деді егіліп. Ағамды әрең жұбаттым.

Бізді топырлатып сыртқа шығарып, сапқа тұрғызды. Бөрімізді тізімге алды. Кімнің қайдан келгенін, немен айналысқанын білді. Ертеңіне топ-топқа бөліп, машиналарға тиеді. Әр тарапқа аттандырып жатыр. Құдай-

дың қарасқаны, Рахаңмен бір топта келеміз. Жолда білдік, біз Польшаның жерінде екенбіз. Кешке қарай түкпірдегі бір оңаша қонысқа жеткізді. Бізді бастап әкелген еркекше киінген бір әйел екен. Аяғында сықырлаған хром етік, бұтында қыры пышақтай шалбар, басында қалпақ, қолында жалтыраған таяқ.

Бұл қоныс жерімен қоса осы әйелдің иелігінде екен. Бізді моншаға түсіріп, тыңнан киіндірді. Түтқындардың кәдімгі біртегіс кебіндері. Құдай басқа салғасын қайтейік, топырлатып бараққа орналастырды. Әлгі қатын бізді кілең бір сырықтай саранау еркектерге тапсырып, өзі жоқ болып кетті. Кейін біліп жатырмыз, ол өзі поляк нәсілінен, байы немістен екен. Біз жалғыз “ауыл” болмадық. Қонысты бірнеше жерге бөлек-бөлек салдырған. Бәрі бір қалыптан шыққандай. Әр “ауылда” жылқы, сиыр, шошқа бөлек бағылады. Тасбақаны бордақылайтынын да білдік...

— О, тоба-а... — деді әңгіме тындап отырғандар. — Есітпегенің елде көп деген...

—...Таңның атуы, күннің батуы мал соңында жүргеніміз ерніміз кезеріп. Тазалыққа кеткен халық екен, жерде қылау жатқызбайды. Малды адамнан бетер жуындырады, астын құдайдың құтты күні тазалаймыз. Олардың түлікті бағып-күтуі біздің қарекетімізден бөлек.

Әлгі әйелдің ізгілігі бар екен. Тәртіп темірдей болса да, бізге зәбірі болған жоқ. Кейде бір, кейде екі жетіде соғып, жай-жағдайды біліп тұрады. Келген сайын барақты аралап кетеді. Соның дегені ме, қайдам, саранау еркектер бізге бөтен болмады. Жағдайымыз да біркелкі болды. Тіпті менің Рахаң ағам:

— Қарағым Тайбекжан-ай, осыдан елге аман-есен жетіп, жаман жеңгеннің корпусын бір қозғап өлсем, арманым болмас еді-ау... — дейтін болды.

Ай, бәрібір, түтқынның аты — түтқын ғой. Құлдықтың қарғы бұғауы уайымға батырмай тұрмайды екен. Іш қазандай қайнайды. Бізді жұбатқан ауыр жұмыс.

Түліктер ет және сүт бағытында бағылады екен. Он бес күн сайын таразыға тартып, салмағын кенегесіне түсіріп тұрады. Кімдер екенін біз білмейтін біркелкі киінген бір кісілер фляг-фляг сүтті күнде келіп алып кетеді. Күзет мықты. Жылқы мен сиыр баққан айналайын екен, дүниеде мұсылманның баласына қорсылдаған шошқаның астын тазарттырып, тасбақа бақтыр-

ған қорлығы өтті. Бұл жәндік қыбырлап, жыбырлап қалған, бабы қиын бәле екен. Қолдан жасалған шағын көлге түскендерін түгендеп, жайылымға бытырай жайылғандарын қайырмалаймыз деп-ақ борбайсозды болып өле жаздадық. Пәлекеттердің шағылысу маусымы, одан жұмыртқалауы да бізге машақат болды. Жұмыртқаларын құмға көмеді екен. Соны қашан қауызын жарып сыртқа шыққанынша ит-құстан қорғап әлек боламыз. Құмнан жыбырлап қалтиюына жыртқышқа жем қылмай жинап алып, қоршаудағы бассейнге салып, қашан жетілгенше көзден таса қылмаймыз. Құдая тоба, тасбақаның да ет алысын өлшеп тұрады екен.

Солай сүрініп-қабынып жүргенімізде, бір күні қожайын қатын келіп, бәрімізді сапқа тұрғызды. Бір топ совет сержант-офицерлерімен келіпті. Көзімізге жылы ұшырап қоя берді. Бірақ олардың қабағы қатыңқы. Әйел адал еңбегімізге алғысын айтты. Қолымызды қысып қоштасты. Содан бізді машиналарға тиеп алып, бір қалың орман ішіндегі әскерлерімізге апарып бір-ақ тоғытты. Алайда қуана алмадық. Есіткеніміз ақыру, жекіру, сыбап боқтау. Тілдерінің жеткенінше кемсітеді. Котке теуіп жұмсайды. Тексіздер-ай десейші, бізді “айыптылар батальонына” қосып, алдарына салып айдады. Ұрысқа кірдік. Бір адым шегінсек болды, атып тастайды. Көндік. Көнбегенде қайтеміз. Тірі қалудан үміт жоқ. Ендігі тілек – шейіт кету. Жеңіс ынғайы жақындаған сайын дұшпан құтырған қасқырдай қасарысты. Көзіміз қанға толды...

Я, айтары жоқ, осы Тайбек сияқты ажалдан періштесі қаққан некен-саяқтар болмаса, фашистер “айыптылар батальонын” жусатып салды. Өліктер төсек болып қалды. Жағдайдың ушыққаны сондай, не жаздым күйге ұшыраған тұтқындар шолден қаталаған жұтқыншақтарын жібіте алмай қор болды. Бомбаның ойрандауынан пайда болған қазан шұңқырларға жаңбыр суы іркіледі. Оның бетінде өліктердің судай аққан қаны қаймақтанып жатады. Амал жоқ, қаталап өліп бара жатқасын, әлгі қан қаймақты алақандарымен ысырып жіберіп, өлі суға етпеттерінен жата қалып, бас қоятын...

Солай итшілеп жүріп Жеңіс күніне де жетті. Бірақ күткен жеңіс “айыптыларға” бақ әкелмеді. Бұлар тұтқын емес, сатқын екен. Сталин солай депті. Көсем депті дегесін – бітті. Басың байлаулы, аяғың тұсаулы.

Сорлыларды этапқа тоғытты да, шығысқа қарай салдыратып ала жөнелді. Шекарадан өтуіне тергеуге алсын топырлатып. Тайбекке он бес жыл кесті. Аз болса жатсын, — деп. Тағы да этап. Күн-түн жүріп отырып Орталық Қазақстан даласының ит байласа тұрғысыз жайдақ лагеріне әкеп атып ұрды. Тұратын барақтарын “сатқындардың” өздеріне салдырды...

\* \* \*

Заман құбылмай тұрмайды...

Тұтқындар тағдыры Сталиннің өліміне қарап тұр екен. Тиран тырапай асқаннан кейін, көп ұзамай қоғам құрсауы босансып, тұтқын байғұстарға да Алланың мейірімі түсті.

Тайбек кесімді жазасының жеті жылы қалғанда босанды. Аллалап елге келгендегі көргені — мұндағылар да әбден титықтап жүдеген екен. Бірінен-бірі өткен жұпынылар. Соғысқа алынған ағасы да, інісі де опат болыпты. Қара қағаздарын қолына ұстағанда көзінің жасы сорғалап жүре берді. Кәрілік жеңген әке мен шеше сүйенісіп әрең отыр. Ақұдай да, ақұдай! Жүректері жарылмай шақ қалды. Тайбектің жетінші кластан кейін, соғыс басталған жылы Ташкентте бітірген есепқисап техникумының дипломы кәдеге жарады. Маманның тапшы кезі. Аудан екі сөзге келместен күйзелген колхозға жай есепші етіп жіберді. Енді кенеуі кеткен әке-шешеге күтім керек. Біреумен некелеспей күнкөріс келісетін емес. Ауданда соғыстың әлегінен құшырын қандыра алмай қалған жас қатындар мен бойжеткен қыздар қырғын. Солардың бір қайымы келгенін іліп түсу қамында жүрген ойланып.

Сәті түсті. Бастығы жұмсап, аудан орталығына келген. Ілік-шатыс ағайынның тойына дөп келіпті. Ду-дуда сұлуша келген бір балпанактай ақсары қызбен танысты. Жанында немере сіндісі. Бұл ол екеуін түн ішінде үйлеріне шығарып салды. Кейін де кездесулер болды. Қыз кетері емес, жүр, біздің үйге келін боласың десе, ергелі тұр. Былқылдап, буыны босап, құшағына тығыла береді. Сөйтіп жүргенде, бұл ойламаған бір тосын жағдай болды. Апалы-сінділі екеуімен қолтықтасып жазғы кинотеатрға барсын. Кино басталғанша деп би алаңында болды. Қыз биге жоқ екен. Бұл болашақ балдызына өтінді. Ол тартынған жоқ, екеуі вальске қосылып кетті дөңгелеп.

– Сіз Сағираға үйленгелі жүрсіз бе? – деді қыз жарынын бұған тіктеп.

– Ойым бар, бірақ ондай шешімге келе қойғаным жоқ. Е, неғылады? Неге сұрадыңыз?

– Сіз менің апамды менен артық білмейсіз. Ол сізге қатын болып жарытпайды. Сізге мына мен ғана қатын бола аламын...

Тайбек не дерін білмей, деміне тығылып қалды.

– Шын айтам, сізге тек мен ылайықпын... – деді қыз жымыып.

Тайбек те жымыды. Ішінен: “Құдай-ау, не дейді мына керім...” деп, қызды омырауына тақай түскені, жүрегінің дүк-дүк соққаны анық біліне түсті. Жігіттің іші-бауыры елжіреп сала берген: “Қандай қарағым едің...”

Сондағыдан кейін Тайбек толғанумен жүріп алды. Сағираға беттегісі келмейді. Ойлана келе, қыздардың жамағайын жеңгесінен сыр тартып көрген.

– Біздің ақ жайқардан шығады, – деді жеңгесі сылқ-сылқ күліп. – Турасын айтқан. Үлкен қыздың бобаландығы бар. Салақтау. Ал кіші қыз нағыз тас қайнатардың өзі. Ақылды десең ақылды, ажарлы десең ажарлы. Жарамды бала...

– Жарамды екені көрініп тұр.

– ...Өзіңіз де байқапсыз ғой. Қолынан да, тілінен де келеді. Ықыласы кеткен екен, бас тартпаңыз. Қазақта “өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал” деген де нұсқалы сөз бар ғой. Осы қызға құласаңыз, ер-тоқымыңыз аумайды...

– Сағирадан ыңғайсыз болмай ма? Оны қайттік?

– Ой, құдай, ыңғайсыз болып неғылатын еді. Әлде-е... етегі түріліп қалып па еді?

Тайбек:

– Жоға-а, құдай сақтасын! – деп шошып кетті. – Мен жуығаным жоқ. Етек жағы өзіне аян.

– Онда несіне қысыласыз. Тесік моншақ жерде қалмайды. Күміс түбекке алтын шүмек табылады ғой...

– Кібіртіктеп жүргенім, менің жасым отыз бірде, жігіт ағасымын. Сіңлісі менен мүшел жас кіші екен. Бұл қалай болады?

– Он үш жас. Сол-ақ па?! Кешегі соғыста қыз-қырқын күйлі шалдар мен әпербақандарға жем болды. Ел еркектен жұтап қалған жоқ па! Ал сіз мүшел жасты көпсініп тұрсыз.

— Өзімнің ойым ғой.

— Біздің ақ жайқар анау-мынау еркекке бой бермейді. Оған сіз ылайықсыз...

Тайбек күліп жіберді:

— Енді... оны құдай біледі ғой... — деп.

Сол қыз — осы Жазира еді. Жеңгесі “диагнозын” дәл айтыпты. Қадамы құтты болды. Осы шаңырақтың табалдырығын қалай аттады, Тайбектің талабы өрлеп жүре берді. Мал да, жан да құралды, өзі күйлене бастаған колхоздың бас есепшілігіне көтерілді. Абыройының барында әке-шешесін арулап жөнелтті. Алғаны да адалынан енген еді құшағына, зарығып көрген жұпары жүрегін жаулап алды. Осы үйдің бар бейнеті соның мойнында. Қолы ашық, дастарқаны берекетті, қонағы арылмайды. Нағыз Бибі Бәтиманың қызы дейтіндей. Жұрттың жыбырлақ қатындарындай “анауым жоқ, мынауым жоқ”, “ананы алып бермедің, мынаны алып бермедің” деп, тілінің жалпағына бір салған емес. Сірә, Алла бұл азаматқа ұзағынан берген болды. Жазираның бәрінен де жайдары мінезін айтыңыз. Ақ жайқар десе дегендей. Қай кезде де әзіл-қалжыңы аузында жүреді. Осы ауылдың үлкен-кішісі “Жазира айтты” деген күлдіргі қағытпаның бірталайын біледі.

Бірде төркініне қыдырып барғанында, желіккен әзілкеш құрбылары: “Өз аяғыңмен қалап тиген байыңа неше бала туып бердің?” — десе керек. Жазира неден қысылсын: “Менің туып бергенім әзірге бесеу, ал сырттағысын өзі біледі”, — депті. Осыдан кейін Жазираны қағытпадан қаймықтырып көре ғойыңыз.

Сол “сырттағысын” дегенді есіткенде, Тайбектің ойына бірден Эльза оралып, мұңға батты. “Апыр-ай, тірі жүр ме екен, тірі болса... біреудің пендесі болып кеткен шығар... Осы уақытқа дейін күр жүрді деймісің...” — дейтін іштей толқып. Әркез есіне алатын. Ойлап-ойлап қоятын. Енді бір хабарын білмекке “әне барамын, міне барамын” деумен жүріп қалды. Өзі онсыз да асықпайтын жайбасарды колхоздың қиыр-шиыр шырғалаң қарекеті де босата қоймады.

Сөйтіп әрі-сәрі болып жүргенінде, Эльзасының өзі іздеп келді ғой. Бұл артына қарай-қарай кеткелі бірталай өзгеріс болыпты. Кемпір-шал әбден қартайып, берігеректе озыпты дүниеден. Ағалары сол кеткеннен оралмаған. Эльза соғыстың әлегінен үзіліп қалған мед-техникумын аяқтап, екі жыл еңбек еткен. Сосын ме-